



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Кезекті кезенді дағдарыс басталар алдында, өндіріс жоғары деңгейге жетіп оның соңы артық өндіріске әкелетіні белгілі. Бұл кезде өнімді өткізу мүмкін сияқты болып, банктер өнеркәсіпті және сауданы несиелендіріп, өндірісті кеңейтіп және ұсынысты көбейтуде. Өзіңіз елестетіп көріңізші, ав-тострада да көпір жарылып алдыңғы машиналар тоқтап қалады, бірақ арттағы көліктер алға жылжи береді, жылжи береді, қозғалыс қауіпсіздік қызметі жолды бөгемегенше «тығын» ұзарған сайын, оны тарату қиынға соғады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Антикризисное управление, подред. Э.М. Короткова - Инфра - М, 2015.
2. Нурмуханова Л.К. Природа кризисных явлений в рыночной экономике // Мысль. - 2014. -№ 3. - С.52-60.
3. Нурмуханова Л.К. Концептуальные подходы к организаций антикризис-ного управления // Саясат. - 2015. - № 3-4. - С.102-107.
4. Питер Дойль. Менеджмент стратегия и тактика. Питер: С-Петербург, 2016.
5. Шумпетер Й. Теория Экономического развития. М.: Прогресс, 1982.
6. Ю.Буайе Робер. Теория регуляции: Критический анализ: Пер. с фр. М.:РГГУ, 2017.
7. Сейдахметов, А.С. Антикризисные меры государства по обновлению аграрного сектора экономики Казахстана // Транзитная экономика. - 2015. №2.
8. Игнатов Л.П. Антикризисное управление: принятие решения на краю пропости // Проблемы теории и практики управления. 2015. №4. - С. 94-103.
9. Рамазанов А., Рузанов Р. Банкротство как инструмент оздоровления на-циональной экономикий. Транзитная экономика. -2014. №4-5- С.103.
10. Абуова Л.Е. Экономические инструменты предотвращения банкротства // Экономика и статистика. - 2017. № 21.С.16-21.

ӘОЖ 664

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Сейсинбинова Альмира Аскарбекқызы

almira.askarbek@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«6D051700 –Инновациялық менеджмент» мамандығының 1 курс докторанты, Астана,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Толысбаев Б.С.

Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі – Қазақстан экономикасының маңызды секторларының бірі болып табылады. Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны осы ауыл шаруашылығы немесе тамақ өнеркәсібі саласында қызмет етеді. 2015 жылы жұмысбастылық құрылымы бойынша ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіндегі жұмысшылардың үлесі 19% құраған [1].

Тамақ өнеркәсібінің әлеуеті елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді. Қазақстанның тамақ өнеркәсібінің дамуы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар елдің аграрлық секторының дамуын қамтамасыз ету бойынша да ерекше маңызға ие, себебі тамақ өнеркәсібі ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі тұтынушысы болып табылады.

Тамақ өнеркәсібінің экономикадағы рөлі ғылым және жаңа технологиялардың дамуын жинақтау қабілетімен, сол арқылы экономиканың басқа да салаларының дамуына ықпал етуімен және де еңбек өнімділігін арттыруды ынталандырумен анықталады. Сонымен қатар тамақ өнеркәсібінің ауыл шаруашылығына, көлік, көтерме және бөлшек сауда салаларының дамуына айтарлықтай әсер ететін атап өту қажет. Экономиканың бұл секторы үлкен

инвестициялық сұранысқа ие, себебі өндірістің капитал сыйымдылығы айтарлықтай төмен және айналым коэффициенті мен рентабельділігі өте жоғары болып табылады [2].

Еліміздің тамақ өнеркәсібінің нарық жағдайында қызмет етуге бейімделуі күрделі құрылымдық өзгерістерге алып келді. Айтарлықтай өзгерісті атап өтетін болсақ, ол - КСРО кезінен қалған ірі кәсіпорындардың ұсыныс шынжырының жойылуы немесе жабдықтаушылармен байланыстың үзілуі салдарынан өнімділігі төмендеп, қызметі тоқтатылды. Бұндай өзгерістер ірі ет, құс фабрикаларына әсерін тигізді және жаңа нарық жағдайына икемділігінің болмауы салдарынан олар нарықтағы көшбасшылықты жоғалтты және тіпті нарықтан шығуға мәжбүр болды.

Бүгінгі таңда сала көптеген көрсеткіштер бойынша ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын және оның баға бойынша қолжетімді тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге қауқарлы болып отыр.



Сурет 1. 2012-2016 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерін өндіру көлемі

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес еліміздегі тамақ өнімдерінің өндіріс көлемі 2016 жылы 1 448 млрд. теңгені құраған [3]. Бұл көрсеткіштің 2012 жылдан бастап 2016 жылдар аралығындағы даму қарқынын келесі суреттен көруге болады.

Соңғы жылдары Қазақстанның ішкі және сыртқы нарықтағы позицияларын нығайту бойынша шаралардың нәтижесінде тамақ өндірісінің артқандығын байқаймыз. 2016 жылғы қаңтар мен желтоқсан айлары кезеңінде тамақ өнеркәсібі саласының өткен 2015 жылмен салыстырғандағы нақты өнім көлемдерінің индексі 104,2 %-ды құрады.

Кесте 1. Тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндірудің нақты көлемінің индекстері (алдыңғы жылға пайызбен)

№	Атауы	2012	2013	2014	2015	2016
1	Тамақ өнімдерін өндіру	102,5	105,6	103,8	100,8	104,2
2	Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру	110,3	107,7	103,0	102,7	108,1
3	Балықты, шаян тәрізділерді және былқылдақ денелілерді өңдеу және консервілеу	80,2	94,3	110,8	105,7	105,6
4	Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу	88,6	99,3	90,9	99,9	102,7
5	Өсімдік және мал майы мен тоң май өндіру	121,1	98,7	113,3	96,2	105,1
6	Сүт өнімдерін өндіру	103,2	114,2	107,2	103,6	109,0

7	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар және крахмал өнімдерін өндіру	104,9	98,8	100,0	97,2	108,8
8	Нан және ұн өнімдерін өндіру	98,3	102,6	100,7	98,0	106,2
9	Басқа да тамақ өнімдерін өндіру	90,1	120,6	106,7	85,0	132,8

*ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда сүт өнімдерін өндірудегі тамақ өнеркәсібінің нақты көлемінің айтарлықтай артқан (9%).

Тамақ өнеркәсібінің өнімдерін өндірумен елімізде 2016 жылғы көрсеткіш бойынша 2041 кәсіпорын айналысады. Сала кәсіпорындары 2016 жылы республикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінің 7,6% және өңдеуші өнеркәсіптің 18%-ын өндірді [3].

Тамақ өнеркәсібі саласындағы жоғары әлеуеттің болуына қарамастан, оның өңдеуші өнеркәсіп өндірісі құрылымындағы үлесі небәрі 18 % құрап отыр.

Сонымен қатар, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы рейтингтік агенттігінің алдын ала берген мәліметтеріне сәйкес, 2012-2016 жылдар аралығында тамақ өнеркәсібінің ҚР ЖІӨ құрамындағы үлес салмағы 4%-дан аспаған. Салыстырмалы түрде, 2005 жылы бұл көрсеткіш 6,4% болған. Ал 2017 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша тамақ өнеркәсібінің ЖІӨ-гі үлес салмағы 4,9%-ды құраған [4].

Соңғы жылдары тамақ өнеркәсібінің жекелеген өнім түрлерін өндіру көлемі оң динамикаға ие болды. Нақтырақ айтсақ, сүт өнімдерін және етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру бойынша өсу байқалуда.

Бүгінде отандық тамақ өнеркәсібі ішкі нарықты тауарлардың кең ассортиментімен толықтыруға шамасы келмейді. Қазақстан қант, өсімдік майы, ет және ет өнімдері, сүт өнімдері импортына тәуелділікті тартып отыр. Жалпы, Қазақстанда өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің тек 25% ғана өңдеуден өтеді екен және де өңделген өнімдердің жартысы сырт елдерден импортталады.

Отандық өнім тек нан және нан өнімдерінің өндірісінде байқалған. Еліміздегі ұн өндіруші кәсіпорындарының қуаты елдің ұнға деген ішкі қажеттілігінен 3 есеге артық және оның экспортталуын тұрақты түрде қамтамасыз етеді. Соған қарамастан, ішкі нарықта отандық жоғары дәрежелі дайындықты бидай өнімдерін өңдеу көрсеткіші өте төмен [4].

Осылайша, еліміздің тамақ өнеркәсібінің қазіргі кездегі жаңдайын талдау отырып келесідей қорытындылар шығаруға болады.

- тамақ өнімдерінің өндірісі Қазақстанның өнеркәсібінің (7,6%) және өңдеуші өнеркәсіптің (18%) айтарлықтай үлесін алып отыр;

- 2012-2016 жж. аралығындағы тамақ өнеркәсібі өнімдерінің нақты өндіріс көлемінің индексін талдау, оның көлемі 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 104,2% құрап, өсімді көрсетіп отыр;

- сүт өнімдерін және етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру көлемі бойынша тұрақты өсім байқалуда.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдау бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен саланы техникалық және технологиялық қолдауға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға және отандық өндірісті артыруға бағытталған бірқатар шаралар қабылдаған:

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші кәсіпорындардың негізгі және айналым капиталын толтыруға, құралдардың лизингісі бойынша қаржылық институттармен берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;

- Кедендік-тарифтік реттеуді жетілдіру;

- Тамақ өнеркәсібінде пилоттық кластерлерді дамыту;

- АӨК саласының кәсіпорындарында сапа менеджменті стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау бойынша қызметтердің құнын субсидиялау;

- ҚҚС төлеу бойынша салықтық ауыртпалықты төмендету және т.б.

2017 жылы Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындылары оң нәтиже көрсетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2,9%-ға ұлғайып, 4,1 трлн. теңгені құрады. Сондай-ақ, тамақ өнімдері өндірісінің де 4,1%-ға өскені байқалып отыр.

Жалпы, Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде АӨК өнімдерін экспорттауды ұлғайту үшін Министрлік тиісті шараларды қабылдауда. 2017 жылы Қазақстан аусылдан таза аймақ мәртебесін толығымен алды. Бұл малдан алынатын өнім экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы ауыл шаруашылығы экспортының географиясы ұлғаюда. Қазір балық шаруашылығы, қой шаруашылығы, бал шаруашылығы өнімдері және жылқы, сондай-ақ бидай, кебек және соя бұршақтары үшін қытай нарығы ашық. Нәтижесінде Қытай Халық Республикасына АӨК өнімінің экспорты 34,3%-ға ұлғайды. Алғашқы рет 7,7 мың тонна соя бұршағы экспортталды және соя майының экспорты 7,3 есеге артты. Орташа есеппен алғанда мұздатылған балық, өсімдік майы және майлы дақылдар экспорты 2,7 есеге ұлғайды [6].

Қазақстанның бидай және бидай ұны өндірісі бойынша әлемдік көшбасшылыққа ие болуы, жер ресурстарымен қамтамасыз етілу, органикалық өнімдерді өндіру және экспорттау бойынша жоғары әлеуетінің болуы қазақстандық тамақ өнеркәсібінің дамуына айтарлықтай зор мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, дамыту үдерісін келесідей бірқатар өзекті салалық мәселелер күрделендіріп отыр деуге болады, олар: өндірістік ұсақ тауарлылығы, ҒЗТКЖ енгізу көрсеткішінің төмендігі, өндірістік технологиялардың ескіруі, ветеринарлық қауіпсіздіктің төмендігі және импортқа тәуелділік көрсеткішінің жоғары болуы.

Сонымен қатар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібінің әлеуеті аталмыш салаға өнім көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді және сол арқылы жекелеген өнім түрлері бойынша ішкі нарықтың қажеттілігімен қоса экспорттық сұранысты да қамтамасыз ете алады. Қазақстан ірі шикізаттық экспортер ғана емес, сондай-ақ таза органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін кеңінен экспорттайтын дамыған аграрлық державаға айналу мүмкіндігі бар.

Тамақ өнеркәсібі мен АӨК көрсеткіштерінің динамикасының артуы тұрғындардың өмір сапасының артуына және Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасайтын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сельское хозяйство и пищевая промышленность. Инвестиционные возможности в Казахстане. Министерство по инвестициям и развитию РК. KazNextInvest / Информационный ресурс www.invest.gov.kz
2. Modern State and Forecast of Food Production in Kazakhstan // N. N. Zhanakova, M. Zh. Kamenova, G. N. Nakipova, K. A. Ahmetova, S. S. Sagintayeva, B. T. Aimurzina and A. T. Omarova. Indian Journal of Science and Technology, Vol 8(S10), DOI: 10.17485/ijst/2015/v8iS10/85412, December 2015
3. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. www.stat.gov.kz
4. Обзор пищевой промышленности РК по итогам 11 месяцев 2017 года АО «Рейтингового агентства РФЦА». Алматы, 2018 год.
5. Перспективы развития пищевой промышленности казахстана. Сейдуманова Меруерт Научный сотрудник КИСИ при Президенте РК «КУРСИВЪ», № 23 (500), 13.06.2013 г.
6. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындылары туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі А.Қ. Евниевтің баяндамасы // <http://mgov.kz/aza-stan-respublikasyny-agro-nerk-siptik-keshenin-damyudy-2017-2021-zhyldar-a-arnal-an-memlekettik-ba-darlamasy-iske-asyru-orytyndylary-turaly-r-auyl-sharuashyly-y-birinshi-vitse-ministri-a-evnie/>